



020000, Қазақстан Республикасы,  
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,  
Ш. Уәлиханов көшесі, 175 А  
Тел. 8 (7162) 77-00-78  
E-mail: suarnasi@mail.ru

020000, Республика Казахстан,  
Ақмолинская область, город Кокшетау,  
улица Ш. Уалиханова, 175 А  
Тел. 8 (7162) 77-00-78  
E-mail: suarnasi@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**  
№ 242

**ПРИКАЗ**  
« 04 » 06 2024 ж.

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы  
«Көкшетау Су Арнасы» шаруашылықты  
жүргізу құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерімен  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы  
бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары  
туралы хабардар ету тәртібін бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы  
Заңына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н**:

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылықты жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі бекітілсін.

2. Комплаенс-қызметінің маманына (комплаент-офицер) Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылықты жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерімен барлық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар етудің көрсетілген тәртібімен таныстырсын.

3. Қызметкерлерге Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылықты жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас директор

Ю. Шенгалыц

Заңгер

*Колтеге*



Бекітілген

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы

«Көкшетау Су Арнасы» ШЖҚ МКК

Бас директоры

Ю.В. Шенгальц

2024 ж. «04» 06 № 242 бұйрығымен

**Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы»  
ШЖҚ МКК қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы  
бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету  
ТӘРТІБІ**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1 Жұмыс берушінің қызметкерлерінің оларды сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабардар ету тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы, «ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2018 жылғы 31 мамырдағы Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) 29.06.2024 ж. № 236 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

1.2 Осы тәртіп жұмыс берушіге оларды сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабарлау тәсілін айқындайды (Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» ШЖҚ МКК).

1.3 Осы тәртіп, қызметкерлердің кәсіптік қызметті жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін анықтаған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді.

## **2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР**

2.1 Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу (*сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-тармағы, 1-бабы*)

2.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-тармағы, 1-бабы)

2.3 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

2.4 Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

2.5 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-тармағы, 1-бабы)

2.6 Пара - лауазымды адамның жеке өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік алуы не оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін өзге де мүліктік құқықтар беру түрінде, егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) лауазымды адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе не егер ол лауазымдық жағдайдың күші мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), сондай-ақ қызметтегі жалпы қамқорлыққа немесе попыласқа ықпал етуі мүмкін.

### **3. ЖҰМЫС БЕРУШІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ОЛАРДЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУҒА ИТЕРМЕЛЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ**

3.1 Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылықты жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамдар оларға жүгінген барлық жағдайлар туралы жұмыс берушіні дереу хабардар етуге міндетті.

3.2 Қызметкер іссапарда, демалыста, жұмыс орнынан тыс жерде болған жағдайда, ол жұмыс берушіні жұмыс орнына келген сәттен бастап дереу хабардар етуге міндетті.

3.3 Кәсіпорын қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында өтініш жасау фактілері туралы жұмыс берушіні хабардар ету (бұдан әрі – хабарлама) оны сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін жауапты тұлғаға беру жолымен немесе пошта арқылы хабардар ету жолымен жазбаша жүзеге асырылады.

3.4 (Хабарламада көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесі (№1 қосымша):

- хабарламаны жіберген адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, тұрғылықты жері және телефоны;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға байланысты кәсіпорын қызметкеріне жүгінген мән-жайлардың сипаттамасы (күні, орны, уақыты, басқа да шарттары);
- кәсіпорын қызметкері өзіне жүгінген адамдардың өтініші бойынша жасауы тиіс

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы толық мәліметтер;
- жеке (заңды) тұлға туралы барлық белгілі мәліметтер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа;
  - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеу тәсілі мен мән-жайлары, сондай-ақ адамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау туралы ұсынысын қабылдаудан бас тарту (келісім) туралы ақпарат.
- 3.5 Барлық хабарламалар арнайы журналда міндетті түрде тіркелуге жатады (№2 қосымша). Колледжде журнал жүргізу міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адамға жүктеледі.
- 3.6 Алынған мәліметтердің құпиялылығын жұмыс беруші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.
- 3.7 Анонимді Хабарламалар қарауға қабылданбайды.

#### **4. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ КЕЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ФАКТІСІН АНЫҚТАҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ТӘРТІБІ**

- 4.1 Қызметкер өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде жеке не заңды тұлғалардан материалдық пайда алуды талап ететін фактіні анықтаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия шақырылады.
- 4.2 Тиісті өтініш сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысында қаралады.
- 4.3 Осы фактіні қарау жөніндегі комиссияның отырысы факт анықталған күннен кейінгі күннен кешіктірілмейтін мерзімде тағайындалады.
- 4.4 Кәсіпорын қызметкерінің талап ету немесе материалдық пайда алу фактілері туралы жеке немесе заңды тұлғалардың өтініші арнайы журналда тіркеледі (№3 қосымша).
- 4.5 Өтінішті қарау нәтижелері бойынша комиссия шешім қабылдайды қызметтік тергеу жүргізу туралы.
- 4.6 Өтініште көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесі:
- өтінішті жіберген адамның тегі, аты, әкесінің аты, Тұрғылықты жерінің мекенжайы және телефоны;
  - кәсіпорын қызметкерінің материалдық пайда алу немесе талап ету фактісі туралы белгілі болған жағдайлардың сипаттамасы;
  - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың тәсілі мен мән-жайлары.
- 4.7 Алынған мәліметтердің құпиялылығын жұмыс беруші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.
- 4.8 Анонимді Хабарламалар қарауға қабылданбайды.
- 4.9 Кәсіпорын тиісті құқық қорғау органдарына кәсіпорында (кәсіпорын қызметкерлеріне) белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы хабарлауға жария міндеттеме алады.

#### **5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 5.1 Осы тәртіп Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» шаруашылықты жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерінің бастамасы бойынша да, кәсіпорын басшылығының бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.

5.2 Осы Тәртіпке жергілікті актілерді қабылдау рәсімін сақтауға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5.3 Осы тәртіп 2024 жылғы 04 маусымнан бастап күшіне енеді.

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы  
«Көкшетау Су Арнасы» ШЖҚ МКК

Бас директоры

Ю.В. Шенгалыц

кімнен \_\_\_\_\_

(қызметкер Т.А.Ә., тұрғылықты жері, телефон)

**қызметкерді сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне итермелеу  
мақсатында жүгіну фактісі туралы  
ХАБАРЛАМА**

Хабарлаймын:

1. \_\_\_\_\_

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамның қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қызметкерге жүгіну жағдайлары туралы белгілі болған мән-жайлардың сипаттамасы) (күні, орны, уақыты, басқа да шарттары)

2. \_\_\_\_\_

(өтініш білдірген адамдардың өтініші бойынша қызметкер жасауы тиіс сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы толық мәліметтер)

3. \_\_\_\_\_

(подробные сведения о коррупционных правонарушениях, которые должен был бы совершить работник по просьбе обратившихся лиц)

\_\_\_\_\_

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелейтін жеке (заңды) тұлға туралы барлық белгілі мәліметтер)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы) (аты-жөні және тегі) (күні)

**Жұмыс беруші қызметкерлерінің  
оларды сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермелеу  
жағдайлары туралы хабарламаларын  
Тіркеу журналы**

№ р/н	Тіркелген күні	Хабарламашы туралы мәліметтер тұлғаның Т.А.Ә. лауазымы	Хабарламаның қысқаша мазмұны	Тексеру жүргізу туралы шешім (күні, нөмірі)	Тексеру нәтижелері бойынша қабылданған шешім
1	2	3	4	5	6

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Су Арнасы» ШЖҚ МКК  
сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштерді

**Тіркеу журналы**

№ р/н	Тіркелген күні	Хабарламашы туралы мәліметтер Т.А.Ә. Телефон нөмірі тұрғылықты мекен-жайы	Хабарламаның қысқаша мазмұны	Тексеру жүргізу туралы шешім (күні, нөмірі)	Тексеру нәтижелері бойынша қабылданған шешім
1	2	3	4	5	6